Іс №5265-24-00-2/47

# ҰЙҒАРЫМ

20 наурыз 2024 жыл Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Л.Н.Калдиева өз бастамашылығымен №5265-24-00-2/47 санды 5 ақпан 2024 жылғы сот шешіміндегі қателікі түзету бойынша қарап, сот

## АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының денсаулық сақтау Басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпоры жауапкер «MOBIS TRADING CO.,LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық сомасын өндіру туралы талап қоюымен сотқа жүгінген.

Талап қою соттың 5 ақпан 2024 жылғы шешіміне қанағаттандырылған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 235 бабының 2 бөлігіне сәйкес сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын тұлғалардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды немесе арифметикалық қателерді түзете алады.

Сондықтан, сот №5265-24-00-2/47 санды 5 ақпан 2024 жылғы сот шешіміндегі қателік түзетуге жатады деп табады.

Жоғарыдағылардың негізінде және АПК-нің 268-269 баптарын ескере отырып, судья

## ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 5 ақпан 2024 жылғы №5265-24-00-2/47 санды азаматтық ісі бойынша:

Сот шешімінде «MOBIS TRADING CO.,LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі деп түзетілсін.

Қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылсын.

Ұйғарымға наразы жақ Қазақстан Республикасы азаматтық процестік Кодексінің 429 бабының талаптарын сақтай отырып, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор наразылық келтіруге ерікті.

Судья Л.Н.Калдиева

Документ подписан: Калдиева Л. Н., 20.03.2024

Документ подписан: Калдиева Л. Н., 20.03.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»